



БҰЙРЫҚ

Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

город Павлодар

№ _____

№74-НҚ:16.10.2025

«Энергоуправление» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің электр энергиясын беру қызметіне уақытша өтемдік тарифтер бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 15) тармақшасына және 33-бабының 2 – тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы ұлттық экономика Министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 222 – тармағының 2) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы ұлттық экономика Министрлігі табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Павлодар облысы бойынша Департаменті туралы ережені басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын бұзғаны салдарынан тұтынушыларға 2024 жылғы 1 наурыз – 2025 жылғы 28 ақпан аралығына бекітілген тарифтік сметадағы шығын баптарының орындалмауы бойынша 158717,68 мың теңге соммасы көлемінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру 16,5% жылдық ставкасымен қоса есептегенде 184906,09 мың теңге залал келтіргендіктен, «Энергоуправление» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің электр энергиясын беру қызметіне уақытша өтемдік тарифтер ҚҚС-сыз келесі мөлшерлерінде бекітілсін:

2025 жылғы 1 қарашадан бастап 2026 жылғы 31 наурызға дейінгі кезеңге 7,27 теңге/кВтсағ;

2025 жылғы 1 сәуірден бастап 2026 жылғы 31 қазанға дейінгі кезеңге 7,04 теңге/кВтсағ.

2. «Қазақстан Республикасы ұлттық экономика Министрлігі табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Павлодар облысы бойынша Департаменті» РММ-ның 2025 жылғы 18 ақпандағы № 8-НҚ бұйрығының 1 – тармағының қолданылуы уақытша өтемдік тарифтер қолданыста болған кезеңде тоқтатылсын.

3. Қазақстан Республикасы ұлттық экономика Министрлігі табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Павлодар облысы бойынша Департаментінің табиғи монополиялар мен бағаларды реттеу бөлімі осы бұйрықты «Энергоуправление» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің назарына жеткізсін.

4. «Энергоуправление» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі заңнамамен белгіленген мерзімде уақытша өтемдік тарифтер бекіту туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын өзім бақылаймын.


6. Осы бұйрық, 2025 жылғы 1 қарашадан бастап қолданысқа енгізілетін 1, 2 – тармақтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшының орынбасары



К. Байғожанова

Басшының орынбасары _____	К. Байгожанова
ТМБР бөлімінің басшысы _____	К. Кишкентаева
ЗББТАҰЖ бөлімінің басшысы _____	Д. Монтаев
ТМБР бөлімінің бас маманы _____	М. Жүсіп



БҰЙРЫҚ

Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

город Павлодар

№ _____

№74-НҚ:16.10.2025

Об утверждении временных компенсирующих тарифов на услуги товарищества с ограниченной ответственностью «Энергоуправление» по передаче электрической энергии

В соответствии с подпунктом 15) статьи 8 и подпунктом 4) пункта 2 статьи 33 Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях», подпунктом 2) пункта 222 Правил формирования тарифов, утвержденных приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 19 ноября 2019 года № 90, руководствуясь Положением о РГУ «Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Павлодарской области», **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. За нарушение Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях», выразившееся в неисполнении статей затрат утвержденной тарифной сметы за период с 1 марта 2024 года по 28 февраля 2025 года, в результате которого причинен ущерб потребителям на сумму 158717,68 тыс.тенге, с учетом ставки рефинансирования 16,5% годовых, установленного Национальным банком Республики Казахстан на сумму 184906,09 тыс.тенге, утвердить временные компенсирующие тарифы на услуги товарищества с ограниченной ответственностью «Энергоуправление» по передаче электрической энергии, без учета НДС, в следующих размерах:

с 1 ноября 2025 года по 31 марта 2026 года в размере 7,27тенге/кВтч;

с 1 апреля 2026 года по 31 октября 2026 года в размере 7,04тенге/кВтч.

2. На период действия временных компенсирующих тарифов приостановить действие пункта 1 приказа РГУ «Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Павлодарской области» от 18 февраля 2025 года № 8-ОД.

3. Отделу регулирования естественных монополий и цен РГУ «Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Павлодарской области» довести настоящий приказ до сведения товарищества с ограниченной ответственностью «Энергоуправление»

4. Товариществу с ограниченной ответственностью «Энергоуправление» в установленные законодательством сроки довести информацию об утверждении временных компенсирующих тарифов до сведения потребителей.

5. Контроль за исполнением настоящего приказа оставляю за собой.

6. Настоящий приказ вступает в силу со дня подписания, за исключением пунктов 1, 2 настоящего приказа, которые вводятся в действие с 1 ноября 2025 года.

Заместитель руководителя



К. Байгожанова